

Біздің студенттердің Хуго Коллонтая атындағы Краков аграрлық университетіндегі табысты академиялық ұтқырлығы, Польша Республикасы

2023 жылдың 25 қазаны мен 2024 жылдың 25 ақпаны аралығында Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн факультетінің студенттер тобы Краков аграрлық университетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысты. Бұл олардың академиялық және жеке дамуына айтарлықтай әсер еткен бірегей тәжірибе болды.

«Геодезия» білім беру бағдарламасының студенттері:

- Жүнісова Айяна - 04-074- 21-13 гр;
- Қайркенов Рауан - 04-074-22-09 гр.;
- Мужубаев Аян - 04-074-22-09 гр;

«Жерге орналастыру" білім беру бағдарламасының студенті:

- Құнафия Қалибек - 04-075-22-04 гр.

«Кадастр» білім беру бағдарламасының студенті:

- Шаймұрат Қажыаян - 04-075-22-07 гр. Олар өздерінің білім беру бағдарламаларының пәндерін зерделеу, шетелдік ғалымдардан, оқытушылардан тәжірибе алу және жаңа мәдениетке ену мақсатында оқуға кетті.

Біздің студенттер академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу үшін ЖОО-да жақсы үлгерім және шет тілін меңгерудің жоғары деңгейін көрсетті.

Олар болған кезде дәрістерге, семинарларға, практикалық сабақтарға және зертханалық жұмыстарға қатысып, білімдері мен дағдыларын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Бағдарламаның маңызды сәттерінің бірі студенттердің ғылыми жобаларға қатысуы болды, онда олар алған білімдерін іс жүзінде қолдана алды және ғылымның дамуына өз үлестерін қосты.

Бағдарламаның маңызды аспектісі студенттерді мәдени байыту болды. Олар Краковтың көрікті жерлеріне экскурсияға барды, жергілікті тағамдар мен дәстүрлермен танысты, бұл оларға басқа елдің мәдени мұрасын жақсы түсінуге және бағалауға көмектесті.

Үйге оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен және білімдерімен курстастарымен және оқытушыларымен бөлісті. Олар сондай-ақ академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу мүмкіндігі үшін және университет басшылығы мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінен грант бергені үшін, алған қолдауы үшін зор алғыстарын білдірді.

Бұл тәжірибе студенттерге білімдері мен дағдыларын кеңейтуге көмектесіп қана қоймай, оларды одан әрі дамытуға және оқу және кәсіби мансабында жаңа биіктерге жетуге шабыттандырды.

Краков аграрлық университетіндегі академиялық ұтқырлық олардың өмірінде жарқын із қалдыратын ұмытылмас кезең болды.

